

Екіжақты меморандумға қол қойылды

Бүгін аудан әкімі Асқарбек Есжанов пен Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының төрағасы Мейірбек Даубалаев екіжақты меморандумға отырды. Маңызды құжаттың түпкі мақсаты – халыққа құқықтық қызмет көрсетудегі бірқатар мәселелердің ынтымақтастық арқылы шешімін табуы көздейді.



Жиында аудан әкімі Асқарбек Есжанов бұл меморандумның маңызына ерекше тоқталып, елдің қажетіне жарайтын кез келген жобаны қашанда қолдауға дайын екенін жасырмады.

– Бұл меморандумның расында маңызы зор. Алдағы уақытта осы екіжақты ынтымақтастыққа негізделген құжат аясында жалағаштықтарға облыстық адвокаттар алқасының өкілдері құқықтық тұрғыда кеңес береді, қолдау көрсетеді. Сот процесінде жағдайы төмен отбасыларға адвокат жалдау қиынға соғып жатады. Енді олардың сотта мүддесін қорғауға да облыстық адвокаттар алқасы жұмыс жасайды. Мұнан бөлек жеке қабылдаулар өткізіп, азаматтарымызға құқықтық кеңес береді деп сенім артып отырмыз, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Айта кетейік, алдағы уақытта аудандық қоғамдық кеңес, алқа билер кеңесі мен облыстық адвокаттар алқасының өкілдеріне орталықтан арнайы орын беріледі. Құқықтық сауаттылық, басқа да жеке мәселесімен келген азаматтарға жан-жақты көмек беру үшін осылайша олардың қызметі бір жерге шоғырланады. Әрине, бұл бірінші кезекте қарапайым халыққа тиімді екені айтпаса да белгілі.

– Қазір аңқау елге арамыз молда болғысы келетін заңгерлер көп. «Жеріңді алып беремін, үлесіңді алып беремін» деп, соңында аяғын айқай-шуға айналдырған пысықайлар бар. Сондықтан осындай пысықай заңгерлердің арбауына түсіп қалмау үшін екіжақты меморандум жасап отырмыз. Бұл ынтымақтастық аясындағы екіжақты келісімнің халықты құқықтық қолдауға пайдасы тиеді деп ойлаймын, – деді аудан басшысы.

Басқосуада облыстық адвокаттар алқасының төрағасы Мейірбек Даубалаев қолдау көрсеткені үшін Асқарбек Темірбекұлына алғысын білдіріп, жалағаштықтарға қашанда құқықтық кеңес беруге, олардың заң аясында мүддесін қорғауға адвокаттар алқасының өкілдері дайын екенін жеткізді.

Аудан әкімдігі мен облыстық адвокаттар алқасы арасында жасалған меморандум Жалағаш ауданының тұрғындарына кең спектрлі құқықтық және өзге де қызмет түрлерін көрсету және билік пен тұрғындардың тиісті деңгейдегі өзара әлеуметтік іс-қимылын қамтамасыз ету, халыққа құқықтық қызмет көрсету үшін бірлескен және келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыруды көздейді. Сондай-ақ халықтың билікке деген сенімін арттырып, мәселелерді жедел шешіп, тұрғындардың негізсіз сергелдеңге түсуін және өтініштердің созылаңға салынуының алдын алып, қағазбастылықты азайтуға оң ықпалын тигізеді.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Жалағаш аудандық мәслихатының кезекті 30-сессиясын шақыру туралы

Жетінші шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының кезекті 30-сессиясы 2022 жылғы 23 желтоқсанда сағат 11.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында ашылады. Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Аудан әкімінің мәслихат депутаттары алдындағы есебі.
2. 2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджетті бекіту туралы.
3. Қосымша мәселелер.

2022 жылғы 23 желтоқсанда сағат 10.00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өткізіледі. Сессия отырысы Aitube.kz платформасында тікелей эфирде көрсетіледі.

Мәслихат хатшысы Г.Құрманбаева



Ақынын ұлықтаған ел озады

ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ, ҚАНДАЙ ҚОҒАМДА ДА ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ҚАРА ӨЛЕНІ МЕН СЫРЛЫ САЗЫ ӨМІРШЕНДІГІН ДӘЛЕЛДЕП КЕЛЕДІ. ТЫЛСЫМ ҚҰПИЯСЫН ІШІНЕ БҮККЕН ҚАРА ӨЛЕННІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ ДЕ ОҢАЙ ЕМЕС. ОСЫ РЕТТЕ АҚЫНДЫ ТАБИҒАТ-ТАҒДЫР БОЙЫНА ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТ ДАРЫТҚАН ҒАЖАП ҚҰБЫЛЫС ДЕСЕК, ҚАТЕЛЕСПЕЙМІЗ. СЫР ӨңІРІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КИЕЛІ ЖАЛАҒАШ ЖЕРІ ӨНЕР САНЛАҚТАРЫНА КЕНДЕ ЕМЕС. СЫРДАН ҰШЫП, ҚАЗІР ЕЛІМІЗГЕ, АЛДЫ ШЕТЕЛДЕРГЕ ТАНЫМАЛ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕСІМДЕРІН ТІЗБЕЛЕП ЖАТУ АРТЫҚ БОЛАР. СОЛ АЙТУЛЫ ТОПТЫҢ ҚАТАРЫНДА ЕЛІМІЗГЕ БЕЛГІЛІ АҚЫН, ЖУРНАЛИСТ-ЖАЗУШЫ ЗОРДАН САЛЫҚБАЕВТЫҢ ШОҚТЫҒЫ БИІК.

Шығармашылықты жанына серік еткен қарымды қаламгердің есімі жалағаштықтарға етене таныс. Оның шығармашылығына терең бойлаған көзі қарақты оқырман сол шығармашылығымен қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқанын, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына да атсалысқанын аңғара қояды.

Иә, қарасөздің қадірін білетін көзі ашық, көкірегі ояу ел ағалары барда мұндай атпал азаматтардың есімі елімен мәңгі жасай береді. Бұған күні кеше аудан орталығында өткен шарада тағы бір мәрте көз жеткіздік. Өткен жылы мамыр айында аудан орталығынан бір көшені Зордан Салықбаевтың есімімен атау туралы шешім шыққан болатын. Кезінде елдегі қалыптасқан жағдайға байланысты ақын есімімен аталған көшенің ашылу рәсімі кейінге қалдырылған еді. Кеше Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында аудан орталығындағы көшеге ақын есімінің берілуі салтанатты түрде атап өтілді. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов бүгінгі шараның маңыздылығына көңінен тоқталып, ақынның ғибратты

ғұмыры мен шығармашылығына бойлап, халық жүрегіндегі екінші ғұмырының басталғанын, тағылымды шараның кейінгі ұрпақ үшін тәрбиелік маңызы зор екенін атап өтті.

– Баршаңызды Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Зордан Салықбаев ағамыздың атындағы көшенің ашылу салтанатымен шын жүректен құттықтаймын. Жалпы қазақта талант пен дарын иесі тағдырлы болады. Ол – жазылмаған заңдылық. Зордан ағамыз Ұлы Отан соғысы жылдары дүниеге келді. одан кейін осы ауылдың топырағында өсіп, күллі қазақ әдебиетінде өзіндік орнын қалыптастырды. Небары 44 жыл өмір сүргенімен есімін қазақ руханиятына алтын өріппен жазып қалдырды десек, артық ашылу салтанатымен шын жүректен құттықтаймын. Жалпы пәнденің қанша ғұмыр жасағаны емес, қалай ғұмыр кешкені маңызды. Олай дейтініміз бәзбіреулерге бала болғанымен халық үшін дана болған ағамыздың аудан руханиятындағы орыны бір бөлек. Жалпы әлемнің екінші ұстазы Аристотелдің қайырымы қала тұрғындары туралы трактаты бар. сонда екінші ұстаз адам сияқты

қаланың да жаны болады дейді. Бүгін ағамызға берілген көшенің ашылуы оның екінші өмірінің басталғанын білдіреді. Себебі хакім Абай «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» дейді. Міне, адамның өлмейтіндігі, ұрпағымен мың жасайтыны, артында қалған өнегесі өшпейтіндігінің дәлелі. Ағамыздың артында өнегелі ісі де қалды, сөзі де қалды, қазақ руханиятындағы өзіндік орны да қалды. Бүгінгі көшенің ашылу салтанаты аудан тұрғындарына тағы да құтты болсын. Аудан әкімдігі тарапынан осы көшені жарықтандырып, абааттандыруға үлесімзді қосамыз, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Тағылымды шарада ауданның құрметті азаматы Кенжеғара Сүлейменов пен ақынның ағайындары сөз алып, игі істер жалғасын таба берсін деген тілегін жеткізді.

Айта кетейік, Зордан Салықбаев 1944 жылы 15 мамырда Жалағаш ауданының қазіргі Жаңаталап ауылында дүниеге келген. 1960 жылы 10 жылдықты бітіргеннен кейін, яғни 1963 жылға дейін туған жерінде колхозшы болып еңбек етті. 1963 жылы

Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың «Қазақ тілі және әдебиеті» факультетін үздік дипломмен бітірді.

Еңбек жолын 1967 жылы Аққыр совхозындағы №188 орта мектепте мұғалім болып бастаған атпал азамат 1968-1970 жылдары мектеп директорының орынбасары, 1971-1974 жылдары аудандық партия комитетінде саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, 1974-1986 жылдары аудандық «Жаңадария», қазіргі «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы болды.

Зордан ағамыз 1988 жылы небары қырық төрт жасында дүниеден өтті. Бірақ артында мол Әдеби мұра қалдырды. Ол – «Үміт толқыны» (1988) әңгімелер жинағының, «Жазылып қалған жан сырым» (1997), «Армандап өткен ғұмыр» (2006) атты өлеңдер жинағының авторы. 2009 жылы Астана қаласынан «Сырдария кітапханасы» жинағынан өлеңдер, әңгімелер, очерктер және ой орамдары шығармасы жарық көрді.

Зордан Салықбаев – елді, туған жерді жырлап өткен ақын. Оның жазған дүниелерінен өз дәуіріне деген адалдығы көзге ұрып тұр. Сол дәуірдің жақсылығын қуана жырласа, жамандығын да күйіне отырып жырлына арқау еткен ақын. Оның өлеңдерінен болашаққа деген сенім, елге, еңбек адамына деген махаббаты айқын сезіліп тұрады. Сондықтан Зордан Салықбаевтың поэзиясы мен прозасы жас ұрпақты тәрбиелеуде де өзіндік орны бар деп білеміз.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Мерей

Жер жаһанда азаттықты аңсамайтын ел, тәуелсіздікті тұғыр тұтпайтын мемлекет жоқ. Азаттықты аңсау білектің күшімен, найзаның ұшымен ғана жүзеге аспайды.

Кезінде отаршылдық езгіге түсіп, шарасыз бұлқыңған қазақ елінің пешенесіне тап болған сор мен азапқа қабырғасы қайысқан Шоқан Уәлиханов «Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» деп азаттықты идеал тұтып, шерлі толғаныс жасаған екен. Қазақтың біртуар азаматтары ел тәуелсіздігін өмір бақи армандап өтті. Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай болса «Ұлттық тәуелсіздік – бізді дүниеден оқшаулап тастайтын қытай қорғаны болмайтыны сияқты, ешкімнің құқығына қарсы қойылмайды да. Ұлттық тәуелсіздік – отаршыл озбырлардың езгісінен, талант-таржысынан атамекеніміз бен халқымызды құтқару қозғалысы болып табылады» деген еді осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда қаншама қиын өткелдерді бұзып өтіп, қаншама ауыртпалықты арқамызға аяздай батқаны сол тәуелсіз елмен бірге жасап келе жатқан ұрпақтардың күні көшегідей көз алдында тұр. Осы жылдардағы көшкен бейнет те, тартқан азал та, оқыған дұға да, шым-шымдап бойға дарыған қайрат та барлығы қазақ поэзиясында алуан реңкті өз бояуын тауып, заман келбетінің қалай-қалай құбылғанын айна қатесіз образға айналдырған ақындардың жырларында өрнектеліп, әдебиет тарихына қосылды. Поэзия қай дәуірде де, қай қоғамда да сол кезеңнің елеулі оқиғасын бейнелеуімен құнды. Ол адам көңіл-күйінің көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені. Өлеңнің бір тармағында яки бір шумағында ел тағдырына қатысты



Азат елдің айбыны асқақ

қара сөзбен айтып жеткізе алмайтын қуатты да, алмастай кесіп түсетін өткір сөз түйдегі болуы мүмкін. Ақын қоғамдық өмірдегі өзгерістерді өлең тілінде, образға орап, заман тынысын, уақыт демін, тарихи ақиқатты жүрек лүпілімен беретін замана сарапшысы.

Еркіндігім, қасиеттім, қастерлім! Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң! Кеше сенің келбетіңді арман ғып, Боданына бұғауландық басқа елдің. Бабалардың басын тігіп бәйгеге, Аналардың жанарына жас бердің! Уа, Еркіндік, қош келдің! ...Саған жету қиын болса қаншалық, Сақтап тұру қиынырақ одан да! Алла берген азаттықтың әр сәті-Аманат қой, маған, саған, оған да!

Уа, еркіндік! Құның немен өлшенді?! Сені көксер боздақтарым өлсе өлді! Сенсің менің ең ғажайып өлеңім, Ең шуақты, ең шырайлы, ең шерлі! Әр таңыңды сүйіншілеп тұрайын-Құдай берген ғұмырымда өлшеулі! Ғажал ақын Қалқаман Сариннің осы отты жырын оқып, тебіренбеу мүмкін бе?

Арқалы ақын Базарбай Исаев болса Қазақ елі азат, Қазақ жері азат, Қазақ ері азат, Бұдан нұрлы шақ бар ма?! Бұдан асар бақ бар ма?! Қуаң, қазақ! Күн туды қуанатын! деп тебіренеді, тербеледі. Иә, ақын жырлағандай күн туды

қуанатын. Бұдан асқан бақ бар ма?!

Шынында біздің мемлекет қазір кемелденген тұлғасымен күллі әлемге өзінің егемен ел болған азғана уақыттағы жеткен жетістігін мойындатып үлгерді. Осындай шұғылалы шақты бойына шабыт нұры құйылған жас ақындар өз жырларына арқау етіп, еліміздің абыройын асқақтатты. Алтын сиямен өрнектеп жазсаң да жарасымды қазақ елінің бүгінгі талағай табысы мен елеулі жетістігі жас ақындардың қаламынан киелі өлең дариясы болып тасыды, шабыт бұлағы болып тасыды. Алла тәуелсіздігіміздің ғұмырын ұзақ, елімізді айбарлы еткелі!

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

35 жыл Желтоқсан құрбаны болған

Иә, сол бір желтоқсанның қаралы күндері біздің замандастарымыздың есіне түссе, түн ұйқысынан шошып оянып, қарлы борандағы болған оқиғалар көз алдынан кино лентасындай тізбектеліп өте береді. Сол қияметті көрген құрбым қазіргі бейбіт тірлікке тәубе етіп, Аллаға шүкіршілік жасайды. Ызғарлы күндердің жарықшағы жанын жаралайды бірақ. Бір жапырақ нәзік жүрек төзбейтін қандай нәубет келген десеңізші елдің басына. Ауыртпалыққа толы жылдардың зардабын күні бүгінге дейін тартып келген менің сыныптас досым, Жалағаш ауданы, Темірбек Жүргенов ауылының тумасы Гүлшара Жақсыбайқызы Алтынсариева еді.

Ол 1986 жылы небары ерімдей 21 жаста еді. Тумысынан әжет қызды қанға бөліп жатқан алаңға апарған тұлабойындағы тұнған елге деген құрмет, ұлтқа деген, тілге деген, салт-дәстүрге деген жанашырлық болатын. Қазір 57 жасқа табан тіреген досымның жан жарасын қайта қозғап, сол бақытсыз күндерді еске алуды өтуін қандай қиын екенін білсем де оны мазалауды жөн көрмді. Себебі бұл тарих. Тарих болғанда да жаралы, қаралы тарих беттері еді. Оны кейінгі ұрпақ біліп, осындай ержүрек бейбіт дәуірдің батыр қызымен мақтанса екен, оның тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы жүріп өткен ауыр да, азапты жолы тарих беттерінде қатталса екен деген мақсат болатын.

Ендігі әңгіме құрбымның 1986 жылғы болған оқиғаларымен өрбиді. «Сол күндер әлі есімде. Жадымада жатталып, жүрегімде жазулы күйде. 1986 жылы Алматыда қазірі «Дәуір» баспасында жұмыс істейтінімін. Оң-солымды танымаған, жиырмадан жаңа асқан кезім. Дәл сол он алтысы күні біздің баспаға жаңадан машина келген. Сол жаңа баспа машинасын көруге Д. Қонаевтың өзі келеді деп күткенбіз, келмеді. 17 желтоқсан күні жұмыстан шығып, үйге қайтып келе жатқанбыз. Өзіміз құраллы жастар автобусқа мініп, «қазақжастары алаңға барындар, біздің елге қайдағы бір орысты басшылыққа қойыпты. Қонаев атамызды орнынан алып тастапты» деді. Мына сөз төбемізден кесек мұз тастағандай әсер етті. Салып ұрып, алаңға жеттік. Алаңға жиналған жастар «ақ үйге» кіреміз, ненің не екеніне көз жеткіземіз деген бейбіт ойда ғана екен. Оларды ашындырып, қойдай қуалап, артын қатып оқиғаға айналдырып жіберді. Көшкі сағат жетіге дейін жүргенде көрмегеніміз қалмады. Еркімен келгендер де, жазатайым сол жерден табылғандар да үлкен жапа шекті. Неге бас көтерер бір қазақ жоқ? Аяғы не болар екен деген ой әрқайсымызда да бар еді. Трибунаның алдынан кетпей, қазіргі Әнұранымыз «Менің Қазақстанымды» айттық. Жиналған жастардың көкейіндегі сұрақ «Қолбін кім? Біздің дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді түсінбейтін адам



қалай басшы болады?»

Атын білмеймін бір әскери киімдегі полковник шығып «Сендер не істей аласындар? 70 пайызың басқа ұлт, 30 пайыз ғана қазақсындар. Ештеңе қолдарыңнан келмейді, кетіңдер» деді. Біз қайтпадық. Бір кезде аспаннан түскен жауын құртты солдаттар қаптады да кетті. Бір сәттің ішінде ғана у-шуымызды шығарып, ұрып-соғып, қуа бастады. Бір байқағаным, алып келген әскердің ішінде бір қазақ "кого надо бить? Русских?" дегені бар емес па? Сол мезетте оны да бір ұрып, сүйреп кетті.

Байсейітова көшесімен қашып келеміз. Алысып жүргенде менің басыма дубинка тиіп, ұшып түстім. Есім кіресілі-шығасылы күйге түсіп, мәңгіріп қалдым. Өлдім ау деп ойлағам. Бір есімді жисам, қашып келе жатқан қазақ жігіттері көріп, сүйреп, қалтарысқа әкеліпті.

Сол жылғы қыс аязды болды ма, өлде сол оқиғаға табиғат-ана да түршігіп кетті ма, әйтеуір ызғары еді. Түрікпен түкірігін жерге мұз боп түсетін ауа райында өрт сөндірушілер де

тастай суын шашып жатты.

Ал менің болса басым қазандай болып іскен жатақханаға зорға жеттім. Ертеңіне он сегіз күні бүкіл Алматыдағы қазақ жастары бір ауыздан не сабаққа, не жұмысқа бармастан, алаңға жиналдық.

Қазіргі «Самал» мәлтек ауданындағы үйлер жақтан алаңға түстік. Жоғарыдан алаңға кіре алмай тұрмыз. Солдаттар жіберер емес. Сонда орыстар «Надо всех баранов убивать» деп айғайлап, өздерін көремет етіп көрсетіп тұрды.

Бір кезде әскери киім киген майор қазақ «Қарақтарым, қайтыңдар, бұлар ештеңеден тайынбас» деді. Бір уақытта әскери машинадан қолдарында істік қүректері бар бір топ қазақ жігіттері түсті.

Алаңда түннен қалған жастар болуы керек біразы жүр, ал біз кіре алмай тұрмыз. Кенет қазіргі «Хабар» телеарнасы тұрған үй мен жанында «Океан» деген дүкені бар еді. Шынылы терезенің алдына жап-жас, өрімдей қыз-жігіттерді шыңғыртып күрекпен, келтек темірмен сабал жатқанын көрдік. Біздің де жанымызға машина келіп, қолымызды қайырып, салып әкетпек болды. Тағы да әскери киімдегі қазақ ағамыздың арқасында қашып шықтық.

Ертеңіне жұмысқа келсек, бізді іздепті. Менің таң қалғаным, жұмыстағыларды алаңға баруға үгіттеп, ұйымдастырып жүрген бүлікшінің «серкесі» мен болып шықтым. Газет, журнал, тіпті мекемедегі қабырға газетіне де әсептетп суретіммен шығарып қойды. Алдыңғы күні кеш келгенім бар, ертеңіне жұмысқа бармағаным және бар. Әйтеуір сол күннен бастап азапты күндер басталды. Бір ай тергеді. Бұлай психологиялық шабуыл жасағаннан бірден ұрып немесе өлтіріп тастағандары жеңіл ме еді деп қалдым.

Сонда «Қолбина долой» деген сөзді мен айттым дегенді мойындату мақсаттары болды. Қатты күйзеліп, жүздеп кеттім. Бірақ «халық жауы» екенімді мойындамадым. Менің еңбек кітапшамда «17 желтоқсан тереуге түсті. 17 қаңтар жұмыстан босатылды» деп тайға таңба басқандай жазылған



Мен ол кезде азапты жалғыз өзім көрген шығармын деп ойлаған едім. Олай емес екен. Кейін байқасам, бұл қанды қақтығыстан бүкіл қазақ даласы күнрене күйзеліпті.

Әкем Қызылордада қызмет істейтін. Партияның адамы еді. «Қызың саяси сауатсыз, қайта тәрбиелеңіз» деген хат салыпты. Мен мұны білмеймін. Артыңша әкемді зейнеткерлікке жеткізбей, жұмыстан шығарып жіберіпті. Әкемнен аңқау басым жұмыстан неге кеткенін сұрағанымда «жұмыстан шаршадым, денсаулығым да нашарлап кетті» деп жауап берген болатын. Сөйтсем бұл көзі ашық, сауатты екенің бәрін түсініп, мені мақұлдағаны екен ғой.

Қазір бәрі келместей болып артта қалды. Бірақ сол Желтоқсан оқиғасындағы талай нәрсе ашылмай отыр. Қапшағай жақта қаншама қазақтың ұл-қыздарының сүйегі топырақтың астында жатыр дегенді де естимін. Қалай болғанда да ашу керек деп ойлаймын. Ашылмай көміліп жатқан құпия қалмау керек. Менің бір ғана тілегім қазақ ешкімнің қанды тырнағына ілігер жемтік болмаса екен» деп құрбым көзіне жас алып кеудесін өксік қысып, бір сәт босап кетті.

Қалай босамасын өзінің туған жерін сүйген патриот қыз «халық жауы» деген атаққа іліне жаздаған. Желтоқсан оқиғасынан соң 35 жылдан кейін айыпты емес екені анықталып, ақталып шығып, омырауына туған елінің құрметіндей төсбелгі тағып отыр.

Иә, жанкешті қызының тағдырына жазықсыз әке де жазықты болып, жапа шекті. Мұндай тағдырлар, іште шөмен боп кеткен шерлі қайғыны жұтып о дүниеге аттанып кеткендер де бар болар. Алайда туған жердің туын көтеріп, оның ар-намысы үшін жалынды жастық шағын құрбан еткендер рухы жасай береді. Ендеше Гүлшара Алтынсариева құрбым мемлекеттік награда алу құрметіне лайық деп ойлаймын. Мұндай ержүрек қыздар өлеусіз қалпаса нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені олардың ерліктері елге – үлгі, ұрпаққа – аңыз.

Гайнар ҚОЖАХМЕТОВА

Қазақстан Республикасының «2023-2025 жылдарға арналған Республикалық Бюджет» туралы Заңына сәйкес, 2023 жылы 1 қаңтардан бастап айлық өсептік көрсеткіш 3450 теңге, ең төменгі зейнетақы 53076 теңге, базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 24341 теңге, ең төменгі күнкөріс деңгейі 40567 теңге мөлшерінде белгіленді. 2023 жылы 1 қаңтардан бастап жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 10,5 пайызға артады.

Зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерінің көлемі артады

Жаңадан тағайындалатын жасына байланысты зейнетақы мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін кірістің ең жоғары мөлшері 2022 жылы 46 АЕК болса, 2023 жылы өзгеріс 55 еселенген АЕК-тен (55*3450=189750) төңгеден аспауы тиіс.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының ұлғаюына байланысты көбейтіледі, оның мөлшері «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес, күнкөріс деңгейінің жаңа мөлшеріне пайыздық арақатынаста белгіленеді. 2023 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасы 61 жасты құрайды.

Жоғарыда аталған Заңға сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылады, ал №1, 2 тізім бойынша арнайы мемлекеттік жәрдемақының бала тууына байланысты тағайындалатын және төленетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы, бала бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақысы және арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері айлық өсептік көрсеткіштің ұлғаюына байланысты арттырылады.

Мүгедектігіне байланысты жәрдемақы: I-топ – 77889, II-топ – 62068, III топ – 42190 теңге. Бұрын бала мүгедектігін 16 жасқа дейін белгілеп, 16 жаста науқастығына сәйкес топтарға ауыстырса, өнді 7 жасқа дейін бала мүгедегі болып, 7 жастан бастап топтарға бөлінеді, яғни 7 жасқа дейін 56794, II-топ 77889, III-топ 64502, III-топ 48817 теңге болып белгіленді. Әскери қызмет атқару кезінде болған мүгедектерге I-топ 113994, II-топ 97361, III-топ 81540 теңге. Мүгедек баланың күтіміне 56794 теңге төленеді.

Асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы: бір балаға – 34888 теңге, екі балаға – 60445 теңге, үш балаға – 75049 теңге, төрт балаға – 79512 теңге, бес балаға – 82352 теңге, алты және одан жоғары балаға – 85597 теңге. Үлдіыр жетім бір балаға – 47870 теңге, екі балаға – 95739 теңге, үш балаға – 143608 теңге, төрт балаға – 191477 теңге.

Бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақы: төрт балаға дейін – 131100 теңге, төрт және одан да жоғары бала туғанда – 217350 теңге. Бір жасқа дейін бала күтіміне бірінші балаға – 19872 теңге, екінші балаға – 23495 теңге, үшінші балаға – 27083 теңге, төртінші және одан да жоғары балаға – 30705 теңге.

Төрт және одан да көп кемелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар, барлық көпбалалы отбасыларға табысына қарамастан жәрдемақы төленеді. 4 баласы бар отбасыларға – 55304 теңге, 5 баласы бар отбасыларға – 69138 теңге, 6 баласы бар отбасыларға – 82973 теңге, 7 баласы бар отбасыларға – 96807 теңге, 8 баласы бар отбасыларға – 110400 теңге, 9 баласы бар отбасыларға – 124200 теңге.

Көпбалалы аналарға (Алтын, Күміс алқа, Батыр ана, 1,2 дәрежелі «Ана даңқы» орден иегерлеріне) – 22080 теңге төленеді. Қазіргі уақытта Жалағаш аудандық бөлімінде 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы мен жәрдемақыларды қайта қарау жұмыстары жүргізілді, осы көбейтілген әлеуметтік төлемдерді «Қазпошта» және екінші деңгейлі банктер арқылы кестеге сәйкес төленеді.

Ш.САСЫКБАЕВА,
«Азаматтарға арналған үкімет»
Мемлекеттік корпорациясы»
КЕАҚ-ның облыс бойынша филиалының
Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша
аудандық бөлімінің басшысы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясының басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін қабылдаудың 2023 жылға арналған кестесі					
Қабылдау-шының аты-жөні	Қабылдаушының лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны	Сенім телефоны
Құлнабаев Ұлықпан Сағынәліұлы	Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясының басшысы	Дүйсенбі, бейсенбі, сағат 16.00-18.00	Жалағаш кенті, Бұқарбай бағаты көшесі, №228	8772431/32001	8772431/32001

Қырық күн өтті өзіңсіз

Зымырап жатқан уақыт деген осы шығар, сірә. Отбасының тірегі, Қалменовтер әулетінің ақылман ардагері, асқар тау өкеміз Садық Кәлменовтің ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол асқар тауымыздан айырылып қалғанымыздан бері де 40 күні өте шығыпты. Қамшының сабындай қысқа өмірде еш-кім де мәңгілік емес. Басқа түскен сынаққа сабыр қыл-масқа пенде шіркінде шара болып ба?! Бірақ ендігі жерде өкеміз жайында өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай соғып отырған жоқ.

Калменов Садық Қожайұлы 1941 жылы 21 ақпанда Түркімен ССР Чарджоу облысы Керкі ауданында дүниеге келген. 1948 жылы 7 сыныптық мектепке барған. 1959 жылы Қызылорда облысы Жалағаш кентіне қоныс аударып, 1978 жылдан бастап Жалағаш кәсіптік-техникалық училищесінде техникалық қызметкер болып 1996 жылға дейін жұмыс жасаған. Калменов Садық қарапайым, бауырмал әріптестеріне сыйлы, жаны жайсаң азамат еді. Отбасында бір қыз төрт ұлдың өкесі.

Атпал азамат, кәсіптік-техникалық білім беру саласының ардагері Калменов Садық 2022 жылдың 15 қараша күні 81 жасында дүниеден өтті. Артында өнегелі ісі қалды, пешенесіне жазған ғұмырында қай ортаға да сыйлы болды. Ал оның кез келген жерде беделінің артып, биігінің төмендемеуіне бойындағы асыл қасиеттер себеп болды деп нық сеніммен айта аламыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманыңыз жолдас болсын, асқар тау өке. Өзіңізді сағынышпен еске алып, рухыңызға құран бағыштаймыз.

Зер салсаңыз, бұл да бірақ заңдылық, Есіміңіз жадыда тұр жаңғырып. Бойда берген тәрбиеніз тұрғанда, Біз өзінді ұмытпаймыз мәңгілік

Бізге өнеге әрбір қадам басқаның, Сол қадаммен ізгілікке бастадың. Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе. Жатқан жерің жайлы болсын, асқарым. 2022 жылдың 25 желтоқсанында сағат 12.00-де Жалағаш кенті Ұ.Телегенова көшесі №2 үйде Калменов Садық Қожайұлының қырық күндік асы берілетінін барша ағайын-туыс, құда-жекат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар жұбайы, балалары, немерелері

Желтоқсанның он бірі, жексенбі күні аудан орталығындағы автовокзалда нағашым Сайлаумен кездесіп қалдым. Көптен бері көрмеген соң ба, құшақтасып қуана қауыштық. Көптен бері дейтін себебім, мен 1980 жылы арман қуып Алматыға барып, С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің «Журналистика» факультетіне оқуға түстім. Сол кездері Сайлау қаланың ішінде бір зауытта жұмыс істейтін. Нағашым екеуміз жиі кездесіп, араласып тұрдық. Сөнбі, жексенбі күндері киноға, театрға барып, Алматының көрікті көшелерін бірге аралайтынбыз. Мен КАЗГУ-дың Жатақханасында, ал ол пәтер жалдап тұрды. 1986 жылы мен жоғары оқу орнын тәмөмдап, диплом алып елге оралдым. Сынаптай сырғып жатқан уақыт ай, содан бері отыз алты жыл өте шығыпты ау.



Сол бір күндер есімде

Жерлесім екеуміз келдік. 1983 жылы 24 тамызда Алматы Энергетика және Байланыс институтына күндізгі бөліміне оқуға түстім. Аталған оқу орны ректорының №672 санды 1986 жылғы 26 желтоқсандағы бұйрығымен сол жылдың 16-17 желтоқсандағы орын алған қозғалысқа қатысқанымын үшін оқудан шығарылдым.

Сол бір ызғарлы күндер әлі есімде. 1986 жылы 16 желтоқсанда кешке 6 шағын ауданында тұратын Қүнболов Ердулла, Асауова Жұмабике деген ерлі- зайыпты сыныптастарымын үйінде болдым. Сол күні кешеде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің V пленумы жайлы сыбыр өте көбейді. Біз де іштей наразы болдық, бірақ алда не күтіп тұрғанынан бейхабармыз. Ертеңіне сабаққа бармақ болып Абай мен Қосманов көшелерінің қиылысында жүргенде төменгі жақта көп студенттер келе жатыр екен. Қолдарында плакаттары бар, іштерінде жерлесім Марат Құрманәев бар. Жанымызға келген жастардың бірі «Сен өзін қазақсың ба?» деді. Мен «Иә» деп едім, «Онда жүр, алаңға бізбен бірге» деді. Содан алаңға бардық. Мұқашевты жолықтырдық, бір топ студенттер, ол кісі де «мен де сөңдермен біргемін» деді. Біраз уақыттан соң Назарбаев мінберге шықты. Ол кісі «Жігіттер мен қыздар тараңдар» деді, бірақ халық құлақ аспады. Содан қақтығыс басталды. Шеп құрып тұрғандардан

ұл қыз деп қарамайды, шетке шығып кеткендерді ұстап алып кетіп жатты. Халықтың ашу-ызасы келді. Сондай қарбаласта Мараттан айырылып қалдым, кейін Қақанчиев Сайранбек, Кәкеев Бейбітті жолықтырдым. Содан абыр-сабыр қарбаласта үшеумізді үш жақта қоршауға алып соққыға жықты. Маған бас-алтауы жабылып, тепкінің астына алды, содан машинаға әкеліп салды. Бір уақытта қасыма бет аузы қанға боялған 17 жасар бір баланы әкелді. Қарасам Бейбіт екен. Содан 23 жігіт, 9 қыз қамғауға алындық, түрмеде жатып тергелдік, ұрып-соғу, азаптаудың көкесін көрдік. Сонда есімде қалғаны Шымкенттен келген Айша деген қыз үстіндегі шұбасын төсеп, маған қамқор болды. Жарақатыма алғашқы ем жасады. Құрстасым Ербол Спатаев түрмеде қайтыс болды. Бәріміз бір жатақханада тұрғанбыз. Меніңше оны өлді деуге болмайды. Ұлттық мүддені тү етіп, өзінің нағыз қазақ ұлы екенін айдай елге айақтап кеткен сол емес пе?

Ол әңгімесін аяқтады. Әңгіменің әсерінен Бекен екеуміз де үнсіз қалдық. Сайлау не ойлап отыр екен. 1986 жылы қамалған тар қапас түрмедегі тереу, ұрып-соғу, азаптау, оқудан, жұмыстан қудаланған кездері көз алдына келді ме екен? Өлде ата-бабаларымыз аңсап, армандап кеткен тәуелсіздік таңын көргеніне тәубе етіп, қуаныш отыр ма? Қалай болғанда да

қойған сауалым өткенді еске салып, жан-жарасын ауыртқаны рас. Дәл сол сәтте «Желтоқсан» атты өлеңімнің екі шумағы ойыма орала берді.

Еркіндікті талап еткен Желтоқсан. Құрсаулықты талап еткен Желтоқсан. Қырат, Ләззат, Сәбиранар ерлікпен, Қыршын кеткен Желтоқсан.

Ерліктерге куә болған Желтоқсан, Ұрпағына мұра болған Желтоқсан. Арманымыз орындалып ақыры, Басымызға бақыт қонған Желтоқсан. Айнадай жалтыраған алфалыт жолмен жүйіткіген таксимен әне-міне дегенше қалаға да келіп жеттік. Мен нағашымды теміржол вокзалына дейін бірге барып, пойызға шығарып салдым. Бұл нағашым 1986 жылы қазақ жастарымен бірге орталық алаңға шығып, демократияны, еркіндікті, еліміздің егемендігін талап еткен Желтоқсан қозғалысының қаһарманы Сайлау Бекқожаев еді. Сол Желтоқсан қозғалысына қатысқаны үшін қудаланып, түрмеге қамалып, біраз жыл азап арқалаған азаматтың басынан өткен оқиғасы өз алдына бір тарих. Алматыға қарай бағыт алған жолаушылар пойызының соңынан қарап қол бұлғап тұрып, «Тәуелсіздігіміз баянды болсын, қазақтың қаһарман ұлы» дей бердім іштей кү-бірлеп.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер журналист



Биыл қазақстандықтар тұеырлы тәуелсіздігіміздің отыз бірінші жылына куә болуда. Енді осы тәуелсіздік күні қарсаңында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын, қаламы қарымды журналист, әріптесіміз Гауһар Қожахметованың патриоттық бағыттағы өлеңдер жинағын оқырман қауымға ұсынып отырмыз.



Тәуелсіздік байрағы желбіреген

Қазағымның шырқалды асқақ әні,
Ел-халық өзі ұсынды бастаманы.
Тәуелсіз қазақ елін таныды әлем,
Бәйтерегі жақұт-нұр Астананы!
Жыл парағын алтын нұр жаңалады,
Руханият жаңғырды санадағы.
Жасыл нұрға бөленген бас қаланы,
Әлем халқы жоғары бағалады.
Жаңа жоба, тың ойлар самғауына,
Қуат берген қанатың талмауына.
Жас болса да Астана бас бопотыр,
Шырақ жағып талайдың арманына.
Құрлық асып тоғысқан асқақ арман,
Қуатты ойлар гүл жарды Астанамнан.
Жаңалыққа көз тікті байтақ әлем,
Ұлы дала төсінен бастау алған.
Таңғажайып туынды, озатты ой,
Төрінен Сарыарқаның саз апты ғой.
Мәртебесін көтерді қазағымның,
Ашық аспан, асқақ ел, азаттық ой!
Өркениет өлкесі – Қазақстан,
Қырандары көк туға қарап ұшқан.
Тәуелсіздік байрағы желбіреген,
Қазақстан болып тұр – Ғажалстан!
Егемен ел тарихтың мінберінде,
Ғасырлар белесінде гүлденуде.
Рухани салт-дәстүр жарқырады,
Қазақтың нұрлы елінде.
Бақыт құсы қонды анық Елордаға,
Жаңалыққа үн қосты жаһан, дала.
Есілдің толқындары өлең айтты,
Әуеніне құлақ тұр аялда да!
Азаттыққа бастаған ақ таң үшін,
Ел сенімнің мәңгілік ақтау үшін.
Ұлы дала үрдісін ұрандатып,
Самғай бер Қазақстан – мақтанышым!

О, таңсәрі

О, Жарық күн,
Қадрінді жаңа ұқтым.
Жақыным мен досымды,
Бір көруге зарықтым.
Жүргендеймін адасып,
Қақпанында тамұқтың.
О, Таңсәрі,
Кетті өмірдің бар сәні.
Ғазиз жүрек өртеніп,
Еркіндікті аңсады.
Бұл шектеуде Жаратқан,
Біз жүреміз қанша өлі?
Бітер екен қай кезде,
Қу індеттің сарсаңы?
О, Таңсәрі!

Күн күледі көгімде

Мен сүйемін елімнің еркіндігің,
Ел еңсесін көтерер серпілді күн.
Көк байрғым көгіме көтерілсе,
Әнұранмен ашамын ел түңдігің.

Ел болдық қой бостандық тұғырымыз,
Батылданса ой-сана ұғымымыз.
Жарқын болса болашақ деп тілейміз,
Күндей күліп нұрланса ғұмырымыз.

Тіл мен заңым тіріліп мүдде құрып,
Арайланса көгімде күнде күліп.
Көк байрағым әлемге бой көрсетсе,
Жер жаһанның аспанын мінбе қылып.

Әйтеуір ауыл жаққа асығамын...

Әйтеуір ауыл жаққа асығамын..
Қысы қатаң, жазы ыстық жел дейді ғой.
Сол самал жел жанымды тербейді ғой.
Бет қарыған аязы шынықтырып,
Жазғы аптабы отымен емдейді ғой.

Құрғақ дейді, тұз дейді, тізбелейді,
Тобықтан лай көшсек, бізге мейлі.
Жанымды аялайтын саябақты,
Жүрегім жат мекеннен іздемейді.

Қалайсың-ау табиғат жаңашасың,
Қызық көріп көңілің тау асасың.

Туған жердің төсінде бәсің биік,
Атамекен жұртыңмен тамашасың.

Көңіл шіркін кейде бір асқақтайды,
Қиял көгі шарықтап бос жатпайды.
Кіндік кескен мекенге тәу етпесен,
Денің сау болса дағы ас батпайды.

Қысады өксік кеуденді бұғақтайды,
Сағыныштың жүректе шыдатпайды.
Бармасаң ауыл жаққа атойлатып,
Жақының да жаттай боп жырақтайды.

Сол үшін ауыл жаққа бару керек,
Көңіл тынып, рахат табу керек.
Мейір қанып иіскеп көк жусаның,
Ақсақалдың батасын алу керек.

Кешу үшін сусыған топырағың,
Көру үшін күрішті атырабың.
Балалық шағымменен қауышуға,
Әйтеуір ауыл жаққа асығамын.

Сабыр мен ақыл жүгініп саған жүз барам...

Керуендей көшіп барады өмір жылыстап,
Жылдарға қарап аламын терең тыныстап.
Жастық шақ қайда мөлдіріп қайда сөзімнің,
Гүлдерден шашу шашатын едік уыстап.

Мұнартып тұр ма күрен күз келіп сананы,
Сары жапырақтардан лағылдай тамшы тамады.
Таңғы шықтарға тосқанда алақанымды,
Салқыны күздің жауратып жанды барады.

Жер-ана жатыр сары шөлісін жамылып,
Ағаш, талдар да сап-сары моншақ тағынып.
Жүріп келемін жапырақ жауған өлемде,
Табиғат-Тәңір өміршісіне бағынып.

Жапырақтай жүрек қорғансыз кейде сыздаған,
Сонда да өмір жасаймын саған жүз қадам.
Майдан ғой өмір, алаңы оның арпалыс,
Сабыр мен ақыл жүгініп саған жүз барам.

Сонда да саған ғашықпын өмір қарызбың,
Құпиясы мол өзіммен жүрген әр іздің.
Бүгін де міне мөлдіреп тұр ғой табиғат,
Тұнық көшіндей самалы жұпар тамыздың.
Мәңгі жасыл әлемім бар сыйынар..
Саған теңер құдірет сөз таппадым,
Өзің жайлы жазылмады дастаным.
Көшір ана, көшірімішіл едің ғой,
Ойлап жүрсек пенделікпен бас қамын.

Өзің жайлы күмбірлейді көкте күн,
Сенсің анам оралмайтын көктемім.
Бұлт үйіріліп, жауып кетсе ақ жаңбыр,
Әр тамшыға айтар сырым көп менің.

Жанарымнан мұңайсам жас құйылар,
Маңдайыма тағдыр салған бұйырар.
Жүрегімнің тереңінде бұр жарған,
Мәңгі жасыл әлемім бар сыйынар.

Анам, анам, анам менің ерегім,
Әкем, анам, мәңгілігім, төреңім.
Шабытымның шалқар көлі өздерің,
Алла сыйы өзектегі өлеңім.

Қос бәйтерек ыстық қанды тербеген,
Жанымызды, тәнімізді емдеген.
Бір ұядан қанат қағып бәрміз,
Үлкен өмір сапарына өрлеген.

Алып кеме капитаны жан әкем,
Бізге бақыт сыйлап келеді өнеген.
Сен болмасаң қайтер едік, анашым,
Алақаның жылы нұрға бөлеген.

Екеуіңнің мейіріңнен көктедік,
Үлкен көрсек алдын кесіп өтпедік.
Сөз келер еке менен анаға,
Ізгілік пен адамдыққа беттедік.

Шүкір, шүкір жүзіп келеді кемеміз,
Бірде баяу, бірде орташа желеміз.
Сіздер салған ұлағатты жолменен,
Біз адаспай өркен жайып келеміз.

Қия шыңға көздік сан сынаққа.
Жауап таппай тосылдық сан сұраққа.
Арқа тастап көдергі мен ауырды,
Алға қарай бағыт алдық бірақ та.

Біз бақытқа жақындасақ бір қадым,
Қуана бер жайқалғаны гүл бағын,
Екеуіңнің еккен бағың жайды өркен,
Немерелер, шөберелер гүлзарың.

Бақыттымыз, батаменен көктедік,
Сендер шеккен қасіретті шекпедік.
Жоғары ұстап адамдықтың ақ туың,
Сендер жиган абыройды төктедік.

Өздеріңе ұқсасақ тек жоқ арман,
Біздің дағы шаштарымыз ағарған.
Шүкір, шүкір үрім бұтақ дін аман,
Аман тегіс артыңдағы қара орман.

Қол жаямыз бір Аллаға сыйынып,
Тәубе дейміз, жатыр достар сүйініп.
Қабыл болсын біз қол жайған дұғалар,
Қабіріңе иман нұр боп құйылып!
Әумин!

Толғау

Жылдардың жорға шабысы,
Секілді жүрек қағысы.
Бүгінде өмір бөсеке,
Аламанның жарысы.
Бас тікпесе бәйгесі,
Бас тігеді-ау ой, несі?
Қарап қалмай қапыда,
Қызыл тілім сөйлеші.
Дүние ме жиғаның,
Қайда ар мен иманың?
Бір-біріңді түрткілеп,
Кең дүниеге сыймадың.
Сабырсыздық сыйымыз,
Бейшаралық күйіміз.
Осы жаман қылықтаң,
Таяқ жейміз жиі біз.
Күтпейміз деп ақырың,
Жапа шегер жақының.
«Ақырын жүріп, анық бас»,
Тыңдамаймыз нақылың.
Талай жанның жарасы,
Сыздайды-ау шамасы.
Жылылыққа кенде боп,
Жер мен көктің арасы.

Ақылға да кеңдеміз,
Ашу қысып демде біз.
Бойға сыймас ызамен,
Өмір көшкен пендеміз.
Шыныдайын сынамыз,
Ерсі мінез қыламыз.
Мінімізден ақталып,
Бейкүнә боп шығамыз.
Болмашыға бұлқынып,
Балағаттап жұлқынып.
Айналанды қуырып,
Аласың ғой сілкініп.
Бірақ өмір санаулы,
Сағаттардан тұрады.
Таусылатын бір күні,
Тағаттардан тұрады.
Өз-өзіңді ондайда,
Қолға алмасаң болмайды.
Біліп алмай мән-жайды,
Шектіреміз зор қайғы.
Ақындарың осылай,
Асыл сөзді толғайды.
Ақылдылар аз сөйлеп,
Болашақты болжайды.

Түсіңігі мол жандар,
Бұл сөзімді қолдайды.
Біреулерге жан қайғы,
Біреулерге мал қайғы.
Күліп тұрып бетіңе,
Бәзбіреулер алдайды.
Қайран дүние дөңгелек,
Бір орында тұрмайды,
Жастығыңды ұрлайды,
Қарттығыңды күндайды.
Қартта өсиет болмаса,
Жастар кімді тыңдайды?
Суармаса шалғынды,
Балауса шөп қурайды.
Тамыры терең бәйтерек,
Оңайлықпен сынбайды.
Ақылы кемел ақсақал,
Жас буынды шыңдайды.
Арманы асқақ ұл болса,
Ата-ананы сыйлайды.
Кереуау болса келінің,
Отбасына сыймайды.
Жарда тұрған жалғыздың,
Перзентін ойлап қимайды.

Шыда жүрек, сәл шыда...

Шыда жүрек сәл шыда,
Шаршап, талып шаңшыма.
Әр сәт сайын пендеге,
Тағылатын бар күнә.
Шыда жүрек қақыма,
Ырғақпен соқ тағы да,
Сен соқпасаң дүрсілдеп,
Өмірде жоқ мағына.
Саған келер дүмпуден,
Кейде жүрер құр сұлдем.
Сен кеудемде бұлқындың,
Сөттерімде күрсінген.
Үнсіздік пен мұң егіз,
Сезімменен гүл егіз,
Осылайша жұптасып,
Шыдап өмір сүрерміз.

Тал болып неге жаралмадым екен?

Тал болып неге жаралмадым екен,
Бүршігін жарып тұр көктеп.
Тамшы боп неге тама алмадым екен,
Сағынып күтер гүл көктем.
Тіршілік мынау тіл қатпайды үнсіз,
Көк аспан, жұлдыз жымыңдап.
Жүрер күн бар ма көшеде мұңсыз,
Сұлу көктемнен сыр ұрлап.
Ұзын жол мынау бұралаңдаған,
Тылсымға бастар секілді,
Көңілім бүгін шын алаңдаған,
Санада ойлар не түрлі..

Майдангерлер, өжеттер, қаһармандар!

МАЙДАНГЕРЛЕР, ӨЖЕТТЕР, ҚАҒАРМАНДАР,
ЕЛДІҢ ӨРШІЛ РУХЫ АТАНҒАНДАР.
СҰМТАЖАЛДАН ҰРПАҒЫН АЗАТ ҚЫЛЫП,
БАБАЛАРДАНАЛҒЫСПЕН БАТА АЛҒАНДАР.
СЕНДЕРМӨҢҒИСАНАДАЖАТТАЛҒАНСЫҢ,
ЕЛ ҚОРҒАУҒА ЖАН ҚИЫП АТТАНҒАНСЫҢ.
ЖЕҢІС ТУЫН КӨТЕРІП ЕРЛІКПЕНЕН,
БЕРЛИННІҢ ҚАҚ ТӨРІНЕ АП БАРҒАНСЫҢ.
ҚАҚ ТАҒАЛА ҚОЛДАҒАН АЗАПТАРДА
ӨЗДЕРІҢ ҒОЙ ЖЕТКІЗГЕН АЗАТ ТАҒҒА.
ЕРЛІКТЕРІҢ ТАРИҚТА ҚАШАЛУДА,
ӨШПЕЙДІ РУХТАРЫҢ ҚАЗАҚ БАРДА.

ЖЕҢІСТІҢ САРБАЗДАРЫ САНАДА ТҰР,
АТТАРЫ ҰЛЫҚТАЛМАҚ ҚАРА ДА ТҰР.
МӨҢГІЛІК ЕСКЕ АЛУҒА ЕРЛІКТЕРІҢ,
ҰРПАҚТАРЫ САП ТҮЗЕП БАРА ЖАТЫР.
МӨҢГІЛІК ОТ МАЗДАҒАН ҚАРА ТАСТА,
ҚАРА ТАСТЫҢ ЖАНЫНДА ҚАРА ТАҚТА.
ШЕЙІТ БОЛҒАН ЕРЛЕРДІҢ ЕСІМІ БАР.
ЖҮРЕКТЕРДІ ТЕРБЕГЕН ДАРА ТАҚТА.
ҰРПАҚТАРҒА БАЯНДАП ҒҰМЫРНАМА,
ЖАРАЛЫ ЖАРТАС СЫҢДЫ ТҰҒЫРНАМА.
АДАМЗАТҚА КҮШ БЕРІП ТҰР БҰЛ ЖЕРДЕ,
ЖЕҢІС ДЕГЕН БІРАУЫЗ ҰҒЫМ ҒАНА!

4 ДИДАР

Тәуелсіздік құрдасы

Алақаны аялы, емі шипалы

БҮТІН БІР ҰЛТ ДЕРБЕСТІГІН ЖАРИЯЛАП, КӨК АСПАНДА ЕРКІН САМҒАҒАН ҚЫРАН ҚҰСТАЙ БОСТАНДЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН СОЛ ЖЫЛДЫҢ ТARTУЫ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ МӘҢГІГЕ ЖАҢҒЫРЫП ТҰР. АЛ ҚАЗАҚ АЙТАТЫНДАЙ, «АҚ ТҮЙЕНІҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛҒАН» КҮНІ, ДӘЛІРЕК АЙТСАҚ ҚОЙ ҮСТІНЕ БОЗТОРҒАЙ ЖҰМЫРТҚАЛАҒАН БЕЙБІТ ЗАМАНДЫ ӘКЕЛГЕН 1991 ЖЫЛЫ ДҮНИЕ ЕСІГІН АШҚАН ЖАНДАРДЫ НАҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ ДЕУГЕ БОЛАДЫ. ШЫР ЕТІП ЖАРЫҚ ДҮНИЕГЕ КЕЛЕ САЛА ҚЫСЫЛТАЯҢ, ҚЫСПАҚТЫ КҮНДЕРДІ КӨРМЕЙ, АЛАҢСЫЗ, РҰХАНИ ЕРКІНДІККЕ ҚҰШАҚ ЖАЙҒАН БАҚЫТТЫ СӘТТЕРДІҢ КҮӘГЕРЛЕРІ ОЛАР.



Сонау тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары көптеген саланың жұмысы тұралап қалғаны белгілі. Бірақ ел болашағының жарқын болуы үшін жасалған ең әуелгі әрі батыл қадамдардың барлығы дерлік бүгінде нәтижесін беруде. Әсіресе медицина саласына көрсетілген қолдау жемісін беріп, саланың дамуына үлкен септігін тигізді. Медицина – халық саулығының негізі екенін ескерсек, салаға бағытталған қаржы мен қолдаудың әрқашанда өз нәтижесін бергеніне және алдағы уақытта да нәтижелі жұмыстарға жол ашатынына шүбәміз жоқ. Ал біз жоғарыда айтып өткен тәуелсіздік құрдастары бүгінде орда бұзар отыз жастан асты, әрқайсысы әр салада қызмет етіп, тұғырлы тәуелсіздігімізбен бірге өсті, жетілді, дамыды, өмірден өз орындарын тапты деуге болады. Бүгінде тәуелсіздік құрдастары медицина саласында да еселі еңбек етіп жүр.

Біздің аудандағы аудандық емханаға жолыңыз түсіп бара қалсаңыз да жүзі жылы мейірімді дәрігерлердің науқастарға асқан ыждағаттылықпен хал-жағдайын біліп, ақыл-кеңесін айтып жатқанын көресіз. Дәрігерге керегі де осы қасиет – мейірімділік қой. Ал көзінде күн күлімдеген ақ халатты абзал жандардың алдына келген жанды жылы жүзбен қарсы алуы кәсіби біліктіліктерімен қатар, адами тұрғысынан да мәдениеті жоғары екенін көрсетеді. Негізі

медицина саласында ақ халатты абзал жандардың дертке шалдыққан жа нды емдеуінің айқын үш жолы бар екені баршамызға белгілі. Біріншісі сөзбен. Екіншісі шөппен, яғни дәрі-дәрмекпен. Үшіншісі пышақпен, яғни ауру асқынып, жоғарыдағы екеуінен көмек болмағанда, көрсеткішіне қарай хирургиялық жолмен емдеу. Осы емдеу жолының алғашқы екеуін ұштастыра білген маман нағыз өз мамандығына дөп келген жандар деп айта аламыз. Таңдаған мамандығына жауапкершілікпен қарайтын, өз ісінің маманы деуге тұрарлықтай ақ халаттылардың қатарынан аудандық емхананың егу медбикесі Айжан Кенбаеваның есімін ерекше атауға болады. Ауданда туып-өскен Айжан Бостанқызы тәуелсіздіктің төл құрдасы. Нағыз еркіндік салтанат құрған кезеңде дүние есігін ашқан Айжан отбасы үшін де ерекше перзент, ата-анасының қуанышын еселеген қыз еді.

«Елмен бірге егемендігімізге қуанған біздің шаңырағымызда да сол жылы үлкен қуаныш болды. Ел тәуелсіздік алғанда өмірге келген Айжан қызымның алдағы өмірі де жарқын боларына сендім. Қай ата-ана бауыр еті балаларына жақсы, бейбіт өмірді тілемейді?! Шүкір, қызым бүгінде медицина саласының қызметкері. Өз жұмысын жауапкершілікпен алып

жүруге әркез тырысады. Қай кезде де, көз келген уақытта жұмысын бірінші орынға қояды. Жұмысы ширақ, жүйелі болса елдің алғысында болады ғой қашанда. Бүгінде осы қызым бір шаңырақтың аяулы келіні, екі баланың анасы атанып отыр. Ата-ана үшін баласымен мақтанғанға не жетсін?!» дейді тәуелсіздік құрдасының анасы Маржан Омарова.

Аудан орталығындағы №201 мектеп-лицейін тәмамдап, кейіннен Қызылорда медициналық колледжінде мамандығы бойынша білім алған Айжан Бостанқызы алғашқы еңбек жолын аудандық емхананың жалпы тәжірибелік медбикесі болып бастаған. 2021 жылдан бері емханада егу медбикесінің міндетін атқарады.

– Медицина саласына аяқасты келе салмадым. Ақ халатты абзал жан атану бала күнгі арманым болды. Мамандық таңдауда қателеспеу керек дегендей, мен өмірбойы жасайтын жұмысымды таңдауда өзімнің қарым-қабілетіме, ынта-жігеріме сендім. Емханада қызмет ету, алдыңа келген әрбір науқастың саған қарап-ақ жүзіне күлкі үйірлуі міне біздің «абзал жан» атына лайықты болғанымыздың дәлелі деп білемін. Көптеген үлкен кісілер алғысын айтып, батасын беріп кетіп жатады. Бұл мен үшін ең үлкен жетістік деп есептеймін, – дейді кейіпкеріміз.

Өз қызметі жайында бір-ақ ауыз сөзбен жауап қатқан Айжанның өзінің

нағыз маман екенін сөзбен емес, іспен дәлелдейтінін де байқадық. Қиын болсын, қызықты болсын барлығына шыдамдылықпен қарауға дайынмын деген Айжан Кенбаева азын-аулақ әңгімеден соң жұмысына кірісіп кетті. Дұрыс қой, есік алдына адамды үйіріп қойып, жайбарақат әңгімелесіп отыру ақ халатты абзал жандарға тән емес. Біз де мұнан әрі Айжанға қолбайлау болмай, жұмысын сырттай бақылап көрдік. «Мейірбике деген аты айтып тұрғандай дәл осындай жүзі жылы, мейірімді болмаушы ма еді» деп іштей кейіпкеріміздің тыңғылықты ісіне, нәзік болмысына қайран қалдық.

Расымен дертке дауа, емге шипа бөре алатын тек осы ақ халатты абзал жандар ғана. Біздің ең қымбат байлығымыз – өміріміз осы сала қызметкерлерінің кәсібиліктеріне байланысты. Сондықтан да бұл сала иелеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Олардың көмегімен ауруымыздан айырып, ертеңімізге үмітпен қараймыз. Алдына барған әр науқасқа ерекше мейіріммен қарап, жылы сөзімен көңілінді көтеріп, өмірге деген құлшынысыңды арттыратын да осы асыл маман иелері. Аудандық емханадағы Айжан сынды білікті мамандар ендігі жерде халықтың денсаулығын жақсарту жолында аянбай еңбек ете береді деп сенеміз.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Тәуелсіздік – Тәңір сыйы

Азаттық таңының атуы – төңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, ата-баба аманаты. Бүгінге дейін барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында негіз қалай алдық. Тәуелсіздік – ұлт пен ұлыстың татулығы, барша отандасымыздың табанды еңбек, ерік-жігерінің жемісі. Еліміз осынау ширек ғасырдан астам уақыт ішінде үлкен тарихи табыстарға қол жеткізді. Сол жетістік жолында кездескен көптеген сынақтарға лайықты шыдамдылық пен төзім таныта білді. Тәуелсіздік жылдары ел еңсесін тіктеу жолында да көптеген жұмыс атқарылды.

Қазақстан халқы бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай болып, барлық жерде ынтымағы мен бірлігін танытты. Татулық бар жерде тұрақтылық болатының, ал тұрақтылық орнаған жерде береке болатынын дәлелдеді. Бауырлас елдермен көршілес елдердің арасында түсініспеушілік туындап жатса, ынтымақтасуына ұйытқы болып келеді. Сондықтан да тәуелсіздік – бейбіт елде, бірлік пен берекені сақтай отырып, бір шаңырақ астында күн көшіп отырған ұлттар мен ұлыстардың бағына бұйырды деуге болады. Тәуелсіздікпен бірге өмірге келген сәбилердің алды орда бұзар отыз жастан да асты. Бүгінгі таңда олар да әр салада еңбек етіп, ел дамуына өз үлестерін қосып келеді. Жан-жақты білімін жетілдіріп, инновациялық технологияға ден қойды. Олар, қазір өз идеялары мен жарқын жобаларын жан-жақты дамытуға мүдделі.

Сонымен Тәуелсіздік бізге не берді? Ең алдымен, еркіндік берді.

Қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзінің ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлері, ұлы тұлғаларының есімдері қайта оралды. Ата Заңымыз қабылданып, мемлекеттік рәміздеріміз өмірге келді. Өзіміздің төл теңгеміз айналымға шығып, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Бұл – бір. Екіншіден, барша қазақстандықтардың денсаулығына мән беріліп, салауатты өмір салтын ұстануына барынша жағдай жасалу қажеттігі айтылып келеді. Ата Заңның алғашқы бабында көрсетілгендей елдің басты байлығы – адам және оның өмірі. Сондықтан әркез ақ халаттылар тәжірибелерін шыңдап, халық денсаулығын нығайту жолында тың бастамаларды қолға алды. Сонымен бірге еліміздегі жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында көптеген әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік бағдарламалар іске қосылды. Бүгінгі таңда белсенді түрде іске асырылып жатқан «Жұмыспен қамту – 2020» жол қартасы, «Агро бизнес», «Өрлеу»



және тағы басқа да мемлекеттік бағдарламалар арқылы елдің еңсесі көтеріліп, еңбек нарығында бәсекелестік артты. Ал әлемдік спорт додаларында еліміздің көк байрағын желбіретіп жүрген спортшыларымыздың жетістігінен спорт саласына қаншалықты көңіл бөлініп отырғанын айтпай-ақ аңғаруға болады. Жалпы біз жас мемлекет болғанымызбен, тарихымыз тереңде. Том-том тарих беттерін ақтарсаңыз, қазақ деген халықтың сондай қайсар, өжет екенін түсінесіз. Өйткені біздің ата-бабаларымыз талай зұлмат заманды, сұрапыл соғысты, қанды шайқасты да

көрді, еңсерді. Тарихқа терең бойлаған жан осы шексіз байлық жолында батыр бабаларымыздың талай қиын күндерді басынан өткергенін анық біледі. Сондықтан бүгінгі буын осы тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы жолында үлкен еңбек етуі керек. Енді бүгінгі біздің міндетіміз – осы бейбіт заманның қалай орнағанын, қандай қиындықпен келгенін және ұлттық құндылықтардың сарқылмас қазына екенін ұрпақ жадына сіңіру. Насихаттап, үлгі ретінде қалдыру болмақ.

Аружан ТӨЛЕГЕН

Өсиет

Абайдың алтын сөздері

Ғұлама Абай Құнанбайұлының қандай қара сөзін алмайық өсиет пен өнегеге тұнып тұр. Өлеңдері нақыл мен ақылға толса, кез келген қара сөзінен өміріңе мол тағылым, болашағыңа өміршең өріс аласың. Сондай өркеніет өрістемеген заманда қарапайым қазақтың ой-санасына шамшырақ болған Абайдай ойшылымен күллі қазақ қалай мақтанса да жарасымды. Ғибаты мол өлеңдерін мектеп қабырғасынан оқып, жүрекке қаттап, зердеге жаттап қойдық. Болашақ ұрпаққа асыл мұра, таусылмас қазына саналатын қара сөздерінің құдіреті күшті, берер ақылы мол. Сол себепті де күллі адамзат баласы оны оқуға талпынып, сан тілде тәржімалаған. Қараңғылықта жүрекке жарық шам жаққан ғұламаның пәлсапалық дүниелері тілі басқа, жүзі басқа адамзаттың баршасы үшін құнды да, қымбат қазына.



Мәселен Абайдың он жетінші сөзін алып қаранышы. Былайша делінеді.

«Қайрат, ақыл жүрек үшеуі өнерлерін айттысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айттыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кемелетке жетпейтұғының әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орынға келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғың, күнөкөрліктен, көрсекқызар жеңілдіктен, нағфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті. Ақыл айттыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» – депті. Онан соң жүрек айттыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымың, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлап, жанын ашытып, ұйқысын ашылып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын апаламаймың жақсылыққа елжіреп ертутғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейіраншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айттыпты: – Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдан да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман – депті. -Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан төңіріні де сен танытасың, жаралған өкі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен, сенің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ сонда білеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діңі құмар болады. Көңбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. – Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бөрің де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті.

Не деген маржандай тізілген көркем ойлар десеңізші. Барлық нәрсенің патшасы білім екен. Білім мен ғылым қуған адам ешқашан адаспайды, ұрпақтарын да адастырмай, тура жолда алып жүріп, бақытын баянды етеді.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Киікті сақтау – бүгінгі міндет, ертеңгі аманат

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі, Қызылорда облысы көлемінде 1-31 желтоқсан аралығында «Киік» кең ауқымды табиғат қорғау акциясы өткізілуде.

Акцияның негізгі мақсаты – киіктерге рұқсатсыз броконьерлік жасауға және басқа да жануарларды заңсыз аулаудың алдын алуға бағытталған. Шара күшейтілген режимде құқық қорғау органдарының тікелей қатысуымен жүргізіледі. Жалпы қыс мезгілінде өріс аударуына байланысты киіктер облыс аумағында көбейеді.

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында киіктерді аулауға, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға 2023 жылға дейін тыйым са-

лынған. Алайда, осындай тыйымдар мен шектеулерге қарамастан ақбөкен жануарларын ату тыйылмай отыр. Қорыта келгенде табиғат ананың берген байлығын келешек ұрпаққа аманат етіп қалдырайық.

С.ТАБЫНБАЙ,
«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің инженері



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 2132